

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

ТАУБАЙДЫҢ ЖҮСІБІ ЖЫРДАҒЫ ЖҮЙРІК ЕДІ

Ел ішінде күні бүгінге дейін Жүсіп ақынды (үш Жүсіптің бірі әрі ең кішісі) Таубайдың Жүсібі деп атаған. Өйткені, ХХ ғасырдың басында Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіптер болған. Қожагелді Жүсіпті әкесі Таубайдың атына қосып айтатын болған.

Таубайдың Жүсібі – Сыр сүлейлерінің қатарындағы ірі тұлға. Араб, шағатай тілдерін жақсы білген. 1893 жылдан бастап Сыр еліндегі ірі алымдардың бірі Дәулетназар ахуннан дәріс алып, ахунның мешітінде оқиды. Кейіннен Орта Азиядағы медреселердің бірінде білімін толықтырып, онда 1911 жылға дейін оқыған. Медресе қабырғасында оқи жүріп, кітапханалардағы Шығыс шайырларының хисса, дастандарымен танысады. Сол ізбен өзі де түрлі дастандар жазады. 1940 жылы Таубайдың Жүсібінің жақын інісі Жөнейіт Жансейітовтың аузынан оның көптеген шығармаларын жазып алған Қармақшының №8 ауылындағы «Бержікей» мектебінің мұғалімі Нариман Майханов. Ол бұл туындыларды осы жылы Академияның Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорына тапсырған. Н.Майхановтың қосымша жазбаларынан Таубайұлы Жүсіп ақынның өмір жолдарын тереңірек біле аламыз.

Таубайдың Жүсібінің туған және қайтыс болған жылдары әртүрлі зерттеушілердің жазбаларында түрліше жазылып жүр. Ұзақ жылдар бойы Сыр сүлейлерінің шығармашылығын зерттеген, көрнекті фольклорист, ғалым Мардан Байділдаевтың жазбаларында Таубайдың Жүсібін 1882 жылы туған, 1916 жылы өмірден озған делінеді. Ал Жөнейіт Жансейітов жазбасында ақынның 1886 жылы туып, 1914 жылдың 14 ақпанында туған жерінде қайтыс болғанын жазады. Мұны кейінгі ауыз әдеби мұраларды жинаушы Нариман Майханов та қостай жазыпты. Бұлардан басқа Таубайдың Жүсібі мұраларын зерделеген Үбіжар Толыбеков (1940), Абыт Нүркенов (1973) әдебиет институтының қорына өткізген. Ақынның «Жөнейітке» (1913) арнау өлеңінде мынандай жыр жолдары бар.

«...Жеңер деп кесел асылы,

Ақыл-ой миды шанып тұр.

Жеткізбей отыз жасқа да,

Аяқтан, тағдыр шалып тұр» – деп ақын өз өмірінен, хал жағдайынан хабар береді. Демек, Жүсіп ақын 27-28 жас шамасында қазіргі «Ақжар» ауылының жерінде қайтыс болған дей аламыз.

Сонымен түрлі деректер көздерін саралай келе, Таубайдың Жүсібінің 1886 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының №8 ауылында, Жаңабөгет колхозында (Қурайлы бойындағы «Қазанкөлде») туып, осында жерленгенін айтуға болады.

Жүсіп өзінен бұрынғы өткен жыраулардың жырларымен сусындай жүріп, 1900-1901 жылдары өзі де өлең шығара бастайды. 14 жасынан бастап өлең жазумен айналысады. Оның «Жөнейітке», «Ибіні Таубай», «Балалар үгіт кітап қолдансан», «Сахибы сағадаттың біздің Адас», «Естімекке қылмай

опа дүние пәни», «Шахнаманы» бастауы, «Аналқак, міналқак» сияқты өлеңдермен қатар Шығыс шығармалары ізімен «Әбу Әли ибн Сина», «Бес бәйіт», «Сұрмерген», «Сиярғани», «Алдаркөсе», «Мыстан кемпір» атты дастандар жазған. Сондай-ақ, «Шахнаманың» кейбір тарауларын («Іскендірнама») аударарды. Соның бір толымдысы «Іскендірнама» дастанын, ақын былайша бастапты:

«Үшбу сөз молда Жүсіптен қалынмышты,

Түсінер сөз парқына ақылы хош-ты.

Іскендір Зұлқарнайын, Шах Сүлеймен,

Хикая «Шахнамадан» жазылмыш-ты.

Бұлардың оқигасын жазып хатқа,

Ұшырған көңіл бақтан ақыл құсты.

Аңғарып сөз баһамын оқығандар,

Айтар сөз яки мыс деп, иә күмісті.»

Ал «Сиярғани» дастанының басында: «... Меккелік асылы араб бір саудагер.

Деп айтады оның атын Сиярғани. Кәсібін жүрген-тұрған хикая етіп.

Жайынан енді оның сөз қозғайын» десе, үзіндісі ғана бүгінге жеткен «Замана

жайы» туралы дастанында Сыр елінде діни сауаттылыққа жол ашып мешіт

салып, бала оқытқан ірі оқымысты Ораз ахун жайлы да сөз тербепті.

«... – Бұхарадан келіп бізге тағлым берген,

Әуелі Ораз ахун дін ашпақтың.

Алымнан тағлым алып көп шәкірттер,

Жарыққа шығып зұлмат жұрт нақақтың.

Медресе, мешіт салып әр жерлерден,

Жай етті оны жұрттар сақауаттың.»

Таубайдың Жүсібінің өлең жолдары негізінен діни сөздерге құралған. Өлең

жолдарында араб, шағатай сөздері кездеседі. Ақын шағын өлеңдер, ұзақ

дастандар жазумен қатар айтыстарға қатысып, бірнеше ақындармен

айтысқан. Шораяқтың Омарының Әбішке жазған хатына жауапты Таубайдың

Жүсібі жазады.

«... Ұялмай, ұйқас сөзге мәз болатын,

Өтпеген бала емессің балағаттан.

Бейәдеп білімсізден шыққандай-ақ,

Көңіліңе келген ашу кесапаттан...»

«Таубайдың Жүсібі» деп қолын қойды, Омарға жазып қиял парасаттан, —

дей келе тағы бір жауабында: «Сөз жаздым «Омар шайыр кен» дегенге,

«Көреді өлең – жырды – шен» дегенге» деп терең теңеулермен жауап қатқан.

Таубайдың Жүсібі О.Шораяқовтан басқа Ыбыраш Ержанұлы және

Омекенмен жұмбақ түрінде айтысқан. Атақты ақын Тұрмағамбет Шораяқтың

Омары мен Таубайдың Жүсібіне аралық (тоқтау) сөз айтады. Айтыс 1913

жылы өткен.

Таудай талантты ақын өмірден ерте кетіп, оның шығармашылығы жан-

жақты зерттеле қоймаған. Ол хақында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және

өнер институты дайындаған «Айтыс» (1965 ж.) кітабының екінші томында

Жүсіп ақынның айтыстары беріліп, түсінік ғана жазылған. Сондай-ақ, «Қазақ

қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты кітаптың (1986) 5 томында сипаттама беріліпті. «Сыр елінің өнер өрендері» атты жинақта шағын мәліметтер келтірілген.

Жұртшылыққа кезінде кеңінен танымал болған жыр сүлейін ақын інісі Қуаныш Баймағамбетов былайша жырға қосқан:

« ... Таубайдың Жүсібі өтті төмендегі,

Ерімбет Қарасақал Шөмендегі.

Сарыбай, Әзілкешпен һәм Құлназар,

Шегебай, Бәйім, Сайын өрендерді» – деп көптеген ақындарды мадақтаған, соның бірі Таубайдың Жүсібі.

Бірде Қожагелді Жүсіп, енді бірде Таубайдың Жүсібі аталған ақынның әлі де болса ел аузында айтылып жүрген шығармалары бар болуы мүмкін. «Ел іші кеніш» демекші, көзіқаракты кісілердің үйлерінде сақталып, болмаса жатқа білетін кісілерді іздеп тауып, ақын мұраларын зерделеу, оқырмандарға кеңінен таныстыру үлкен дүние болмақшы.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, этнограф- ғалым